

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қазандағы N 986 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "International consulting group on tourism "I.P.K." компаниясы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар "Қазақстанның туристік әлеуетін зерттеу" тақырыбы бойынша зерттеулер жүргізу жөнінде қызметтер көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат есебінен 65000000 (алпыс бес миллион) теңге сомасына қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасассын;

2) 1-тармақта көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 3, 4-тармақтарын орындауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі